



Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№ 31/109
3 тамыз



www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy

Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет



E-mail: priogazeta@mail.ru



ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРДІҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ РОМАН СКЛЯРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ



Президентке индустриялық жобаларды жүзеге асыру және отандық тауар өндірушілерді қолдау бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы мәлімет берілді. Роман Склярдың айтуынша, бірінші жартыжылдықта өңдеу өнеркәсібі 105,1 пайызға, машина жасау саласы 9,4 пайызға, ал тау-кен және металлургия кешені 8,3 пайызға өскен.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына мұнай және газ құбырларын салумен, газ өңдеу зауыттары мен мұнай химиясы өндірісін іске қосумен байланысты жобалардың орындалу барысы таныстырылды. Жыл басынан бері 44,7 миллион тонна мұнай мен газ конденсаты, сондай-ақ 30 миллиард текше метр газ өндірілген. Осы жылдың соңына дейін 128 елді мекенге газ құбыры жүргізіліп, көгілдір отынмен қамтамасыз ету деңгейі 61,8 пайызға жетеді.

Бұдан бөлек көлік және энергетика салаларындағы жаңа инфрақұрылымдық жобалар жөнінде баяндалды.

Роман Скляр Президентке жылыту маусымына дайындық барысы жөнінде мәлімет берді. Қазіргі кезде 309 шақырым жылу желісін реконструкциялау және күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұған

шамамен 154 миллиард тенге жұмсалады. Сонымен қатар биыл жалпы сомасы 327 миллиард теңгеге 10 энергия блогын, 55 қазандықты және 45 турбинаны күрделі жөндеуден өткізу жоспарланған.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Инвестиция тарту жөніндегі кеңестің қызметі, атап айтқанда шетелдік серіктестермен бірге іске асырылып жатқан ірі инвестициялық жобалар жөнінде айтылды. Олардың бірқатарына қатысты уағдаластыққа Мемлекет басшысының шетелдерге сапары кезінде қол жеткізілген.

Кеңес қызметін қайта құрылымдаған сәттен бастап жалпы сомасы 40 миллиард долларға жуық 77 инвестициялық жобаның түйткілді мәселелері шешімін тапты. Бұл ретте машина жасау, тамақ және химия өнеркәсібі, тау-кен, металлургия кешені, энергетика, жер қойнауын пайдалану салаларындағы қосылған құны жоғары жобаларға айрықша мән беріліп отыр.

Президент қабылданып жатқан шаралардың маңызды екеніне назар аударып, аталған бағыттар бойынша жұмысты одан әрі жалғастыруды тапсырды.

akorda.kz





Реформы в действии

ЛИЧНЫЙ ТОВАРНЫЙ ЗНАК

Можно открывать и продвигать свое дело, не уезжая из села. Примерить украшения и национальные наряды, подержать в руках игрушки, полюбоваться большими и маленькими скульптурами, в том числе из железа. А после попробовать овощи, молочные и колбасные изделия, сдобу, мед. И, наконец, купить понравившееся. Все это можно было сделать на выставке «Одно село – один продукт», которая в областном центре проходит второй раз.

«Индустриальная Караганда»
01.08.2024




Реформы в действии

ИДЕИ НА БЛАГО

Карагандинская область вошла в список регионов, где внедряют пилотный проект, направленный на повышение качества жизни людей с инвалидностью. Он называется «Реализация мер по социализации и трудоустройству лиц с инвалидностью в Казахстане силами гражданского общества» и будет реализован общественным объединением «Корган-М» в трех пилотных регионах – Карагандинской, Туркестанской областях и городе Шымкенте. Это комплекс мероприятий при содействии местных НПО.

«Индустриальная Караганда»
01.08.2024



ҚАЛА КҮНІ ТОЙЛАНДЫ

Тамыз айының басында Приозерск қаласының орталық алаңында Сарышаған сынақ алаңы мен қаланың құрылғанына 68 жыл толуына орай «Қала күні» мерекесі жоғарғы деңгейде аталып өтті. Таңертеңгі мезгілден бастап шағын алаңда сенбілік сауда жәрменкесі ұйымдастырылды. Базар бағасынан төменірек сатылатын азық-түлік өнімдерін сатып алуға қала тұрғындары әдеттегіден көбірек жиналды.

Қала орталығындағы Мерекелік алаңда сағат 9дан бастап Қазақ күресі бойынша 74, 90 және 90

көрші қала мен ауыл құрамалары қатысты. Финалдық кездесуде қаламыздың «Тұлпар» командасы мен «Балхаш» құрамасы бас жүлдеге таласты. Өте тартысты ойында тең есеп тіркеліп, жеңімпаз пенальти сериясында аңықталды. Бас жүлдеге «Балхаш» құрамасы, екінші орынға «Тұлпар», ал үшінші орынды «Искра» құрамасы ие болды.

Кешкі сағат 19.00-ден бастап мерекелік алаң қала тұрғындарына толды. Тұрғындар мерекелік шарада концерттік бағдарлама болатынынан алдын-ала хабардар



күресі» бойынша өңіріміздің палуандары қатысқан дүбірлі жарыстың күндіз өткені белгілі. 74 келіге дейінгі салмақта 3-орынға Аширбеков Бақит ие болып, 70 мың теңгелік сертификатпен марапатталады. Екінші орын алған Мауленкул Темирлан 100 мың, 1-орын жүлдегері Мамбет Иман 150 мың теңгелік сертификатпен және «Чемпион белбеуімен» марапатталады. «Қазақ күресі» бойынша 90 келіге дейінгі салмақта 3-орынға Мауленкул Темирлан, 2-орын

ра түсінушілік пен татулықтың тал бесігіндей болған ару қаламыздың іргесі берік болып, шаңырағы кеңейе берсін. Қаламыздың туған күні құтты болсын! Деген ақ тілектерден кейін жиналған қауым асыға күткен концерттік бағдарламаға кезек берілді. Мұнда қаламызға арнайы Алматы және басқа қалалардан келген танымал өнерпаздар, «Latif», «Timur's team» би тобы және қазақ эстрадасының жарық жұлдызы, «Amge» қала тұрғында-



келіден жоғары салмақ дәрежесінде өткен белдесуге қаламыздың және көршілес елдімекенінің балуандары күш сынасты. Оны тамашалауға спортсүйер қауым молынан келіп жатты. Аталған спорттық шараның нәтижесі кешке өтетін мерекелік ішарада белгілі болатыны ескертілді.

етілгендіктен, көпшілік халық жиналуы заңды еді. Көтеріңкі көңіл-күйдегі сахнада кештің алғашқы құттықтау сөзі Приозерск қаласының әкімі Мансұр Талғатұлы Ахметовке берілді. Әкімнің құттықтауынан кейін кезек марапаттауларға берілді. Сонымен қатар РФҚМ



Сонымен қатар, қала әкімінің тапсырмасымен тұрғындар үшін дайындалған мерекелік дастарқаннан көпшілік дәм татты. Сонымен қатар қаламызда футболдан ауқымды жарыс ұйымдастырылды. Жарысқа Приозерск қаласының құрамаларымен қатар

10-Сарышаған сынақ алаңының бастығы, 03080 әскери бөлімінің командирі, полковник Казаков Алексей Викторович мерекеге жиналған тұрғындарды мерекемен құттықтады.

Приозерск қаласының 68 жылдығын мерекелеу аясында «Қазақ



Айтпаев Қайнар және 1-орынға Нықаш Дидар ие болды. Ал 90 келіден жоғары салмақта жеңімпаздарға марапаттарды Приозерск қаласының әкімі Мансұр Талғатұлы Ахметов табыстады. Сейілхан Әлібек 3-орын, Амантаев Самат 2-орын және 1-орынды жеңіп алған Мұсатай Мирас «Чемпион белбеуімен» және ақшалай сыйлықтармен марапатталады.

Көптеген ұлт пен ұлыс өкілдерінің тағдырлары тоғысқан Приозерск қаласы – ынтымақтастықтың, бірлік пен бейбітшіліктің қаласы. Себебі бұл қалада екі мемлекет азаматтары өзара жа-

рына әсем әннен шашу шашып, мерекенің ғажап көңіл-күйде өтуіне үлес қосты. Сонымен қатар, «Балқаш» емдеу-сауықтыру кешенінің ұйымдастыруымен спорттық флешмоб пен көбік кеші өткізілді. Жалпы қала күніне орай ұйымдастырылған концертті тамашалауға 8 мыңға жуық адам жиналды. Мейрамның соңа жастарға арналған би кешіне ұласты.

М.ИСАТАЙ



МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ!

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамалардың және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің сақталуын бақылау 2023-жылғы шілде айынан бастап қала әкімінің өкімімен Приозерск қаласы әкімі аппаратының Әдеп жөніндегі уәкілінің міндеттері қала әкімі аппаратының басшысына жүктелген. Приозерск қаласы әкімі аппараты және дербес бөлімдердің мемлекеттік қызметшілері тарапынан Әдеп кодексінің сақталуы тұрақты бақылауға алынған. Әдеп жөніндегі уәкілдің деректері жалпыға қолжетімді орындарда (әкім аппаратында және қаланың атқарушы органдарында), сонымен қатар қаланың ресми сайтында бар.

Мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексін, мемлекеттік қызмет туралы заңнамаларын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңдылықтарды бұзу фактілері туралы хабарлау мақсатында «Сенім телефоны» ресми сайтта орналастырылған.

Әдеп жөніндегі уәкіл мемлекеттік қызметшілермен қатар жеке тұлғаларды қабылдау жүргізеді, 2023-жылы 4 қабылдау, 2024-жылдың 5 айы ішінде 5 жеке қабылдау жүргізілді. Қабылдау барысында түсініктемелер беріліп, сұрақтар толығымен шешілді.

Мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің қатысуымен қызметтік әдеп нормаларының негізгі қағидаттары мен стандарттары, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, ескерту және оған қарсы тұру мәселелері бойынша өткен жылы 26 кездесу, биылғы жылдың 5 айында 8 кездесу өтті. Жаңадан қабылданған мемлекеттік қызметшілермен әдеп нормаларын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы және еңбек тәртібін сақтау мәселелері бойынша әңгімелесу жүргізіледі. Жыл басынан 2 мемлекеттік қызметші қамтылды. Есептік кезеңде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама бұзу, мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтар фактілері орын алмаған.

Приозерск қаласы жергілікті атқарушы органдарында 11 мемлекеттік мекемеде мемлекеттік қызметкерлердің жалпы штаттық саны 40, оның ішінде 5 бос орын бар. Қазіргі уақытта бос орындарды толықтыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. 2023-жылы мемлекеттік қызметшілердің жалпы ауысуы 37 адамды немесе 41 адамды құрайтын жалпы штат санының 90,2%-ын құрады, оның ішінде 2 адамның таза ауысуы 4,9%-ды құрады. 2024-жылдың басынан мемлекеттік қыз-



метшілердің жалпы ауысуы 13 адамды немесе 40 адамды құрайтын жалпы штаттың 32,5%-ын құрады, оның ішінде 3 адамның таза ауысуы 7,5%-ды құрайды. 2023-жылы бос лауазымдарға 23 конкурс өткізілді. Оның ішінде 7 ішкі және 16 жалпы. Байқаулардың қорытындысы бойынша 14 адам, оның ішінде ішкі қорытынды бойынша 2 адам, барлығы 12 адам тағайындалды. 2024-жылдың басынан бері бос лауазымдарға 19 конкурс өткізілді. 14-і ішкі, 5-і жалпы. Байқаулардың қорытындысы бойынша 13 адам тағайындалды, оның ішінде ішкі қорытынды бойынша 8 адам, жалпы 5 адам тағайындалды. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 34-бабына сәйкес мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру бойынша жоспар-кестелері бекітілген. Қарағанды облысының мемлекеттік органдарында мемлекеттік қызметшілерді тағылымдамадан өткізу жоспары бекітілген.

Қала әкімі аппаратында бірыңғай тәртіптік комиссия құрылған. Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын бұзғаны және қызметтік міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін 2023-жылы 8, 2024-жылдың басынан бері 5 мемлекеттік қызметші тәртіптік жауапкершілікке тартылды. 2022-жылмен салыстырғанда тәртіптік жауапкершілікке тартылған мемлекеттік қызметшілер саны 12%-ға азайған (2022 ж.- 13).

Приозерск қаласының жергілікті мемлекеттік органдарының мемлекеттік қызметшілері сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзғаны немесе мемлекеттік қызметтің беделін түсіретін құқық бұзушылықтар

жасағаны үшін жауапкершілікке тартылған жоқ. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңына сәйкес Приозерск қаласының әкімдігіне бағынысты 6 бөлімде 51 мемлекеттік қызмет түрін көрсетеді. Жеке және заңды тұлғаларға 2023 жылы 3 878 және 2024-жылдың 1-тоқсанында 438 мемлекеттік қызмет көрсетілді. Электрондық қызметтердің пайызы 86 % құрады. Мемлекеттік қызметтер саласындағы заңнамалар талаптарын сақтау бойынша ішкі бақылау шаралары бекітілген жоспарға сәйкес жүргізіледі.

«Электрондық Үкімет порталы» «egov» арқылы мемлекеттік қызметті алудың тиімділігін кеңінен насихаттау барысында бөлімдерде «Өз-өзіне қызмет көрсету бұрыштары» ұйымдастырылған. Тұрғындардың цифрлық сауаттылықтарын арттыру, мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін кеңінен насихаттау және құқықтық кеңес беру мақсатында 2 офлайн (115 адам қамтылды) және интернет платформалар арқылы тікелей эфирде 5 онлайн мемлекеттік қызметтер жәрмеңкесі өткізілді (112 адам қамтылды). Есеп беру кезеңіне 41 мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша түсіндіру іс-шаралары өткізілді (969 адам қамтылды). Сонымен қатар, мүмкіндігі шектеулі азаматтардың да қол жетімді әрі сапалы қызмет алуына толық жағдай жасалуда және үнемі бақылауда.

2023-жылы Приозерск бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі комиссияның отырысы 4 рет өткізіліп, онда 12 хаттамалық тапсырмалар берілді, ағымдағы жылы қалалық комиссияның отырысы 1 рет өткізіліп, онда

2 хаттамалық тапсырмалар берілді. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті және сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті қалыптастыруға, мемлекеттік қызмет имиджін арттыруға бағытталған іс-шараларды жүргізу мақсатында, 2023-жылға жергілікті бюджеттен 2 200 мың теңге қарастырылды. Әлеуметтік тапсырыс шеңберінде мемлекеттік қызметкерлер арасында дөңгелек үстел ұйымдастырылып өткізілді. 45 дана таратпа материалдар таратылып, 2 баннер дайындалып орнатылды. Биыл қалалық бюджеттен 4 950 мың теңге қаржы қаралып, «Союз молодежи и детских организации» қоғамдық бірлестігі жеңімпаз деп танылды. Бүгінгі күні келісім шартқа отырылып, ағымдағы жылдың соңына дейін іс шаралар өткізу жоспарланды.

Әртүрлі нысаналы топтар деңгейінде декомпозициямен ақпараттық жұмыс жүргізу бойынша Қарағанды облысының жобалар Қартасын орындау мақсатында барлық деңгейдегі бюджеттік ұйымдарда, білім беру ұйымдарында, қоғамдық ұйым мүшелері, ардагерлермен, жұртшылықпен кездесулер, дөңгелек үстел, семинарлар ұйымдастырылды. Сыбайлас жемқорлық көріністеріне тап болған жағдайда іс-қимыл тәртібін, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілікті түсіндіретін өткен жылы 500 астам тарату материалдарын халық арасында таратылып, аудио-бейне роликтер әлеуметтік желілерде трансляцияланды. Қалалық кітапханада сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған кітап көрмелері ұйымдастырылып әлеуметтік желілерге орналастырылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын сәйкес қала әкімдігіне қарасты дербес бөлімдерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне 2023-жылы ішкі талдау жүргізілді. Тексеріс нәтижесінде 51 сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталып, тиісті ұсынымдар енгізілді. Приозерск қаласы әкімдігінің әкімшілік мемлекеттік қызметкерлерінің әдеп нормалары және сыбайлас жемқорлыққа қарсы санасын қалыптастыру бойынша жұмыстар одан әрі жалғасатын болады.

*Алтынай РАХИМБАЕВА,
Приозерск қаласы
әкімі аппаратының басшысы.*

ДАРА ТҰЛҒА! ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВҚА 135 ЖЫЛ

Талай жылдар қанқұйлы кеңестік жүйенің құрбаны болып келген Жүсіпбек Аймауытов – аса дарынды адам болған, оның эстетикалық, көркемдік көзқарастары қоғам белсенділігі мен ішкі қарама-қарсы күрестің нәтижесінде қалыптасқан. Осы кезде орын алып жатқан екі төңкеріс, ұлт-азаттық «Алаш» қозғалысы да оның тағдырына ықпалдарын тигізген... Даланың болашағы шешілген болатын, сондықтан аталған оқиғалардың барлығы жазушының тақырыптарына, оның ерекше стиліне мен жанрлық түрлілігіне әсер еткен. Қаламгерлердің қатарында, акын әрі жазушы, драмашы әрі аудармашы, ұстаз әрі ағартушы Жүсіпбек Аймауытов есімі айрықша орын алады. Оның дарындылығы халықтың көзіне бірден түскен. Сонымен бірге, актер әрі сазгер, режиссер болды.

Жүсіпбек Аймауытов 1889-жылы қазіргі Павлодар облысындағы Семей губерниясының Қызылтау ауылында дүниеге келген. Жазушының өзі жазғандай: «Мен «Қараның адыры» өңіріндегі Қызыл тауының етегінде орналасқан Дәндебай ауылында тудым. Мен сүйіндік руынан шықтым Сұлтан Махмұтпен бірге сегізінші ұрпақтамын». Жүсіпбек жастайынан арабша хат тану үйренген. Павлодарға барып орыс-қазақ мектебіне түседі. Әкешесі соған қарсы болып, дегенмен оқу орнына жіберіп қояды. 1918-жылы Семейдегі оқытушылар семинариясын аяқтап шығады. Оқу кезінде ол А. Байтұрсынұлы, М. Дулатов және ұлттық интеллигенцияның басқа өкілдерімен бірге «Алаш» партиясының жұмысына белсенді қатысады.

1917-жылғы ақпан революциясын ол қуана қарсы алды. Осы революциядан ол көптеген өзгерістерді күтіп жүрген: халық бостандығын, теңдігін, бақытын. Әйелдердің теңсіздігі, адамдардағы адамгершілік, өткенмен күрес, мейірімділігі мен қайырымдылығы мол тұлғаларды өнеге тұта отырып, жас балаларды

тәрбиелеу сияқты оқиғалар мен қоғамдағы үдерістер оның шығармаларының сюжетіне желі боп кіреді...

Тағдыр репрессияға ұшыраған Аймауытовтың балаларын әр жаққа таратып жіберген. Оның үлкен ұлы Бектұр көп қасірет шеккен болатын. Әкесі «халық жауы» деп танылды, ал Бектұр Аймауытов он жылға Сібірге жер аударылған. Бектұр Жүсіпбекұлы тек 78 жасында Отанына қайтп келеді. Оның естеліктеріне қарағанда: «...Бұрын Павлодар қаласы кіп-кішкентай қала болған еді. Егер біз қаланың бір шетінен басқа оның түкпіріне баратын болсақ, онда жаяумен-де жүруге болатын. Әкеммен бірге қаланы жиі серуендеп жүрдік. Ертіс өзені арқылы біз паром қатынасы арқылы өткенбіз. Енді бәрі өзгерді. Қала тым үлкен болып кетті. Бала шағымды есіме алып тұрамын. Туған өлкемді, мен өскен сондай ыстық жерімді бір сәт те есімнен шығармадым». Аймауытовтың екінші ұлы – Жанақ 1920-жылдың 18-ақпанында Семей қаласында дүниеге келді. 1941-жылы ол «халық жауының ұлы» деп танылып, еңбек армиясына жібереді. Соғыстан кейін «Қуғынға ұшырап кетпеймін бе?» деген қорқыш пен тұрмыстың қиыншылықтары оның бейбіт өмір сүруіне кедергі жасады. Ол Ақтөбе қаласындағы мұғалімдер институтын бітіріп, «алған білімді жалғастырамын» деп, Әл-Фараби атындағы ҚазМУ-нің физико-математикалық факультетіне оқу түседі. «Менің әкем – нағыз адам, азамат, қоғам қайраткері. Мен оның дарынды жазышы, шебер ұстаз, акын, аудармашы болған екендігімен мақтанамын», - деп жазған ол.

Жазушының қызы Мәруа (Мағриа, Муза) Жүсіпбекқызы Аймауытова 1926-жылы 3-мамырда Орынбор қаласында дүниеге келген. Әкесі репрессияға ұшыраған кезінде, ол төрт жаста болатын, кіп-кішкентай қыз еді. «Анам айтқандай, әкем өте дарынды адам болды. Қазіргі уақытқа дейін есімде келесі сәт-

тер есімде сақталды: әкем жұмыс үстелінің басында отырып, еңбектеніп жатыр, үстелдің бетінде тұрған жасыл абажуры бар шам жанып тұр», - деген ол. Аймауытовтың зайыбы Евгения Карабатыровна күйеуін есте сақтап жүрген. Ол барлық отбасылық фотосуреттер мен Жүсіпбектің жеке заттарын да сақтаған екен. 1991-жылы Павлодар қаласына келіп, баға жетпес қазынаны Бұхар Жырау атындағы әдебиет және өнер мұражайына тапсырды.

Жүсіпбек Аймауытовқа тән қасиеті – өзгеге аяушылық білдіру. Халыққа аянышпен қараған ол алапат аштық қарсаңында ұлт жанашырлары күйзелген елге қол ұшын беру мақсатымен Семейде «Жанар» атты қор құрды. Ұйымның негізгі мақсат-міндеті: қарапайым халыққа көмектесу. Халыққа қасірет әкелген алапат аштық тұсында Ж.Аймауытұлы мұраттас серіктестіктерімен бірге (Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатов, Мұхтар Әуезов) қол ұшын береді. Көптеген жағдайда көмек мал түрінде берілген, яғни аштықтан өліп бара жатқан халыққа қор тарапынан мал берілген. Кейін Жүсіпбекті малдың иемденуіне айыптады.

Ол шешендік өнерді білген, аса дарынды мен білімді адам болып, өзінің кінәсіздігін дәлелдеп береді. Жүсіпбектің айтуынша, ол тарихтағы қазақтардың құқығы сенімділік және ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлеріне сүйеніп отырған. «Мен бабаларымыздан мұра қалған дәстүрлерін жалғастыра отырдым, сондықтан аштан өліп бара жатқан адамдардан қолхат алуынан бас тарттым». Жүсіпбек Аймауытов педагогика, психология саласына зерттеу жұмыстар жүргізді, оған қоса бірнеше пьеса, ірі-ірі еңбектер жазды. Атап айтқанда, «Рабиға», «Сылан қыз», «Шернияз», «Мансапқорлар» «Ел қорғаны», «Қанапия мен Шарбану» сондай-ақ, «Қартқожа», «Ақбілек», «Дәмелі» атты романдары мен «Күнекейдің жазығы» повесі, «Қызыл отан», «Жел үстінде»

әңгімесі, «Жаман тымақ», «Көк өгіз» атты балаларға арналған әңгімелері қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылды.

Жүсіпбек дарынды ұстаз болған. Оның халыққа білім беру орындарында ұстаздық, жетекшілік қызмет атқара жүріп жазған жас ұрпақты жаңаша тәрбиелеу, жаңаша білім беру мақсатын көздеген «Тәрбиеге жетекші», «Психология», «Жан жүйесі және өнер таңдау» атты елеулі кітаптары мен оқу құралдары кезінде халық тағдыры үшін ерекше рөл атқарған еңбектер болды. Ол поэзияға жаңалықтар енгізген: атап айтқанда, верлибрді қосып, өлеңнің сыртқы ұйқасы бұзылғанымен, өлеңнің ішкі ырғағы сақталған.

Қазақстан Республикасының Орталық ғылыми кітапханасында Аймауытовтың хаттары табылды. Осы хаттардың бірінде ол былай деп жазды: «Былай мен ең үздік пьесаға жарияланған сайысқа қатысып көрдім, менің пьесам бірінші орын алды; алайда, мен өзімнің бас жүлдемді Мұхтар Әуезовтың «Қаракөз» пьесалық шығармасына беріп қойдым. Былай істегенімнің себебі: «Қаракөз» пьесасының авторы үйінен алыс жерде білім алып жатыр, сондықтан қаражат оған қажет». Қазақ интеллигенция мүшелерінің арасында алғашқы репрессияға ұшырағандардың ішінде Жүсіпбек Аймауытов болған. Тергеу бір жыл бойы жүргізілген. Тергеу барысында оның күнәсін дәлелдей алатын бірде-бір дәлел табылмаған. Ұзақ тергеуден кейін ату жазасына сырттай үкім шығарылған. Ол 41 жасында қаза тапқан.

Жүсіпбек Аймауытовтың ерте өліміне қарамастан, ол өзінді көп қырлы тұлға ретінде көрсетіп үлгерді. Бүгінде туғанына 135 жыл толған дара тұлғаның жарқын бейнесі қазақ халқының жадында өмір бойы сақталатыны анық!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №31/109, Таралымы: 500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru
Газеттің арнаулы тілшісі: Нұрғали Қарабектегі
+7-778-582-29-41

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады. Балаларға тыйым салынған.